

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИСТИКА ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ӘОЖ 82.0(574)

Ж.Ж.Жарылғапов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zhan_ZH@mail.ru)*

Бұқар жырау шығармаларындағы романтизмнің бейнелеу принциптері

Мақалада Бұқар жырау шығармаларындағы романтизм әдісіне тән сипаттар қарастырылды. Романтизмнің негізгі бейнелеу тәсілдерінің жырау туындыларындағы қолдану ерекшеліктері зерттелді. Жыраудың хандар мен билер образын сомдаудағы романтикалық пафосы, субъективті көзқарастары әдеби-теориялық тұрғыдан талданды. Жырау толғауларындағы максималистік мақсат, автор қиялының көркем берілу жолдары айқындалды. Дала романтикасының суреттелуіндегі дәстүр мен жаңашылдық ауқымы көрсетілді. Шығармалардағы Абылай бейнесіне қатысты тың тұжырымдар жасалды.

Кілт сөздер: Бұқар жырау, толғау, романтизм, романтикалық образ, романтикалық бейнелеу, романтикалық әдіс-тәсілдер.

Жыраулардың баршасына дерлік ортақ әлеуметтік мәселе, ортақ тақырып — ел бастаған хандар мен қол бастаған батырлар болғаны ақиқат. Ал осы мәселенің төркінін ауқымдырақ, тереңірек қараған болсақ, қазақ жырауларының түпкілікті идеясы тұлға бостандығы, жеке адамды қайталанбас рухани құндылық ретінде қастерлеуді бағамдаймыз. Соның нәтижесінде қазақ әдебиетінде өздері өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік заңдылықтармен ымыраға келе алмайтын, рухани еркіндікті аңсаған Қабанбай, Бөгембай, Қаз дауысты Қазыбек сынды жаңа тұрпаттағы кейіпкерлер келді. «Романтизм бағытында жазылған шығармалардың кейіпкерлері әдетте болмыстың ырқымен келіспейтін, теңдік, бақыт, азаттық үшін талмай күресетін рухы күшті жандар болып келеді. Адамның бас бостандығын, адами-қоғамы мәні бар, құлшынысқа толы жағымды іс-әрекеттерге ұмтылыстарын мадақтау — романтизм туындыларына ортақ қасиет» дегенге келіссек, аталмыш образдар осы талаптың үдесінен шығады [1].

Бұқар жоғарғы әлеуметтік қабаттың өкілдерін аса ірі тұлға — Абылай айналасына жинақтай отырып, өзінің субъективті көзқарасын танытуды бірінші кезекке қояды. Қоғамы қатынастарға деген абсолютті наразылық, сол шындыққа қарсы субъективті идеал туғызды. Жырау толғауларында максималистік мақсат, автор қиялын жүзеге асыру жолында ерлікке ұмтылу жеке тұлғаға, автордың субъективті көзқарасын арқалаған кейіпкерге жүктеледі. Қаламгердің назары да үнемі осы кейіпкерде болады десек, қателеспейміз. Өйткені оқиғалық желілер, тартыс, түрлі көркемдік детальдар сияқты компоненттердің бәрі кейіпкерлер галереясында автор өзінің мақсат-мұратын «арқалатып жіберген» қаһарманының ерекше қасиеттерін ашу үшін керек. Бұқардың Бөгембай қазасын естірту жырындағы батыр бейнесі де Абылай образымен тығыз байланысты.

*Қазақтың ханы Абылай!
Ақиықты аспанға
Ұшпастай ғып торлады.
Құлағанға ұқсайды
Қазақтың қамал қорғаны,
Қайғырмаңыз, ханзадам,*

*Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгембай!*

*Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған,
Қисапсыз қол көрінсе
Қорқып жаудан қайтпаған,
Қазақ деген халқынан
Батыр шыққан даңқынан,
Қарсыласқан асылдар
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгембай!*

*Бұтақты мүйіз бұғысы
Саласында жайылған,
Мылтық атқан мергені
Киігін қойдай қайырған,
Құланы құлындай тулаған,
Түлкісі иттей шулаған,
Қыс қыстайтын жеріңді
Сол сықылды тау қылған,
Батырың өтті Бөгембай!*

Бұл жердегі Абылай – Бөгембай бейнесін даралауда ең үлкен жүк көтеретін, оның романтикаланған тұлғасына серпін беріп отыратын кейіпкер. Толғауда адамның ажал алдындағы шарасыздығы мен әлсіздігі көрсетілгенімен бірге, Бөгембайдың қаһармандық жорықтары романтикалық рухта бейнеленді. Бұл кейіпкер өз ортасының қоғамдық санасы мен ұғым-түсініктерінен жоғары тұрған тұлға. Олардың романтикалық ерлігі өз бостандықтары жолындағы ашық майданда, кескілескен күрес үстінде мерт болуы арқылы асқақталады. Туынды өзегіндегі Бөгембай тұлғасы адамның жасампаздық рухының қандай да болсын әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттан биік тұратындығының дәлелі. Материалдық болмыстан идея мен адам рухын бірінші санайтын таным Бұқардың идеялық-көркемдік концепциясына айналды. Ең бастысы, бұл туындыларда өзінің шексіз ерлікке ұмтылған адам тағдырлары мен рухани қуаттан туындайтын күрескерлік белсенділік бар. Сондықтан да XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясында кейде статикалық тұрғыда көрінсе де өз ортасының тым-тым биіктетілген, пендешіл пиғылдардан әсіре жоғары идеал қаһармандар дүниеге келді. «Қашан да романтик жазушылар ерекше кейіпкер таңдамақ, олар, қарабайыр, қоңыр төбел, құр жауандаған көген көздерге қарағанда, еңсесі биік жандар. Романтикалық қаһарман — бір бұлқыныстың, бір шабыттың, бөлінбейтін, жарылмайтын бір-ақ ойдың адамы», — деп академик Р. Нұрғали айтқандай, қазақ жыраулары ерлік пен елдік концепциясын дамыта отырып, реалды өмір ағысынан тыс немесе онымен бітіспейтін кейіпкерлер жасауға ден қойды [2]. Жеке адамды қайталанбас құндылық ретінде бағалау, оның абсолютті азаттыққа құштарлығын дәріптеудегі жырау белсенділігі ұлттық сөз өнеріндегі жаңғыруларға жол салды.

Абылайдың ішкі рухын айрықша жағдайларда сынап көру, оған асқан қасіретті хабарды жеткізе отырып, адамның азат рухының құдіреттілігіне сену және оның бойына күрескерлік қасиет дарыту — толғаудың басты темірқазығы. Жырау жеке адамның әлеуетін таныта отырып, күрескерлік идеяны алға тартты. Толғаудағы дара қаһармандардың тағдыры трагедиямен аяқталып жатса да, дәуір бағдарын мүлде өзгертпек болған төңкерісшілдік ұмтылыс шығарма болмысынан анағұрлым айқынырақ сезіліп отырады. Бұл қоғамдық сана және жеке тұлғаның қоғамдағы ролі мен маңызының артуы дер едік.

*Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
Ормандай көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.*

*Тұғыр болған сол еді
Сіздей төре сұңқарға.
Бәйгелі жерде бақ болған
Сіздей жүйрік тұлпарға.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Келмей тұр аузым айтарға,
Батырың өтті Бөгембай!*

*Еңбек қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін,
Қазақтың абырой-арына
Сарып қылған бар күшін,
Қайырлы болсын халқыңа,
Сабыр қыл, ойлап келмесін,
Қарияң келіп жырлап тұр
Еңбегі сіңген ер үшін,
Батырың өтті Бөгембай!..*

Адам рухының құдіреттілігімен қатар, осалдығын да терең пайымдайтын жырау қай адамның болсын жан әлеміндегі моральдік-этикалық өзектің әлсіреуі, я болмаса жоғалуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Алайда суреткер романтикасында адамның жеңімпаздық мүмкіндіктеріне, рухының ұлылығына деген сенім күшті.

*Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Құлашбек,
Тігеден шыққан Естербек,
Шапырашты Наурызбай,
Құдаменді Жібекбай қасында,
Бақ, дәулеті басында
Секербай мен Шүйбекбай,
Таңсық қожа, Мамыт бар,
Қасқарауұлы Молдабай,
Қатардан жақсы қалдырмай,
Айнақұл Бәти ішінде,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты...*

Әлемдік әдебиет тарихынан романтикалық ерліктерді жырлаған қай ақынды алып қарасақ та, барлығы адамның шексіз деп танылған рухын үнемі сынап көруде болды. Ол үшін адам бойындағы табиғи құдіреттерді ашуға және паш етуге ерекше жағдайлар: сілкіністер, өмір азаптары, катастрофалар қажет. Жоғарыда келтірілген «Қалданменен ұрысып...» деп басталатын толғауда жырау сюжетті шығарма жасауға ден қоя отырып, мұнда аталатын батырлардың ерлігін хан Абылай бейнесін ашуға қолданады. Осы арқылы үш жүздің басын құрап, ұлысты ұйыстырған ханның асқақ образы мүсінеледі. Осы аяусыз сынақтардан өткенде ғана тұлғаның басқадан мойны озық, күшті рухы салтанат құрады. Осындай үрдіс Бұқарға да тән.

Осыған орай, халық эпостарындағы романтикалық ерлік сарыны, сыртқы қажеттіліктерге қарсы бас көтерудегі жеке тұлғаның ролінің көтермеленуі сынды, өз қиялындағы әлемге ұмтылуы сияқты дәстүрлі танымдар сақталды. Жеке тұлғаның мүмкіндіктерін байқап көру, оны жеке әлем, жеке құндылық ретінде алып қарау сынды жазба әдебиетінің ілкі белгілері дәл осы Бұқар толғауларында анағұрлым айқын көрініс табады. Демек, адамзат дамуының жаңа дәуіріне дейін архаикалық тұрмыс-салты мен санасын сақтап келген халықтың көркемдік танымында өтпелі кезең байқалады. Бұл жерде көркем ойлаудың эпикалық дәстүрі айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Оқ-дәрі, мылтық дәуірімен бірге

эпикалық қаһармандықтың әлсіреуіне, «батыр бір оқтық болуы мүмкін» түсінігінің күш ала бастағанына, жекелік санаға бірте-бірте ойысудың белгілері бар. Бұл жерде біздің назар аударайын дегеніміз, фольклорлық эпостардағы тұлға туралы ертегілік сюжеттер әлсіреп, жыраулар өз толғауларында орталық бейнелердің болмысына қарапайым пендеге тән мінездер мен іс-әрекеттерді телу арқылы жеке адамның күрделі табиғатына, жеке тілек-аңсарларына көңіл бөлінетін болашақ авторлық шығармашылыққа мықты тұғыр қаланды. Сөйтіп, фольклорлық эпикалық туындылардан уақыт ілгері жылжыған сайын жыраулық жырлардағы қуатты романтизмнен бірте-бірте алшақтай отырып, өмірдің нақты жағдайларына негізделген реализм элементтерін мүмкіндігінше пайдаланып отырды.

*Уа, сен Қанжығалы Бөгембай,
Тақымы кеппес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің,
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қай жерге жауға тіредің?
Абылай-ау, Абылай,
Момыңға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едің
Қай жеріңде төре едің?
Қарсы менен Құзарда
Жалаң аяқ жар кешіп,
Бөз тоқыған сарт едің.
Шешеңді және сұрасаң,
Қайда алтынның буы еді?
Оны да мен білуші ем,
Түрікпеннің төрінде
Қашып жүріп күнелткен қара күң еді.*

Ірі эпикалық әрекеттерден гөрі айналадағы нақты шындықтардың ортасындағы адамның жеке мұраттарының анағұрлым айқындала түсуі көшпенділердің дәстүрлі танымының үлкен өзгерістерге ұшырағанын байқатады.

Мұның бәрі қазақ сөз өнерінің әлемдік әдебиеттің ортағасырлық даму сатысына тән жанрлық канондардан тәуелсізденіп, ұжымдық шығармашылықтан авторлық шығармашылыққа қарай, адамзат көркем ойының ең жаңа дәуірдегі үлкен белесі — реализмге қарай бағыт алған ілгерінді үрдісі болып табылды. Фольклорда авторлық сананың басы бүтін айқындалып, толық жеңіске жетуіне серпін берген — жыраулық поэзия, жыраулық шығармашылықтың негізгі жанры — толғаудың алдыңғы қатарға шығуы. Реалистік әдебиеттің қаһарманы — өзінің кеңістіктегі нақты орны бар, уақыты мен әлеуметтік ортасы анық, өз қоғамы мен халқының, өз уақытының «перзенттері». Яғни әрбір ұлттың өзіндік тарихи даму жолы, қоғамдық-әлеуметтік күштердің өзіндік ерекшелігі болғандықтан, олармен адам тағдырын нақты тарихи байланыста суреттеу — реализмнің ұлттық сипатын анықтаудың басты факторы. Жыраулар негіздеген төңкерісшілдік немесе өткенді идеалдандырудан туған консервативті рух, жеке адамның қаһармандық тұлғасының өмірді түбегейлі өзгертушілігіне деген сенім қоғам дамуының реалды заңдылықтарының алдында қауқарсыздық танытуы оларды балама идеяларға жүгінуге итермеледі. Енді, батырлар жырындағыдай, тұлғаға деген шексіз сенім бірте-бірте сыншылық ұстанымдарға ауыса бастады.

Хан мен батырлардың өткен өмірлеріне мысал айта отырып, оларды шырқау көктен бір «төмендетіп» алатын жырау толғаудың кей тұсында қайтадан романтикалық бейнелеулерге, дәріптеу пафосына айналып соғып отырады. Мысалы,

*Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан,
Он сан алаш баласын
Аузыңа құдай қаратып,
Жусатып тағы өргізіп
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан.
Ақтан болды-ау күніңіз,
Арсы менен күрсіге
Дау-таласты үніңіз.*

*Өзің болған күніңде
Бір көшке сыймайды
Азаткерде құлығыз.*

Романтикалық рух пен сыншыл реализмнің белгі сипаттарының аралас жүретініні Бұқар бабамыздың шығармашылық ерекшелігі дер едік.

Жырау тарихи ахуалға, әлеуметтік жағдайға деген сыншылдық көзқарасын барынша байқатып, өзі әсірелеген әшкерелегіш қатынасты да бір сәт ұмытпайды. Былайша айтқанда, қоғамның ең зәру деген тақырыбын назарға ала отырып, әлеуметтік ділгірліктерді дер уағында күн тәртібіне көтере отырып, оны пассионар тұлғалармен тығыз сабақтастырады. Қазақ даласын шырғап алған кері құбылыстарды шеней отырып, сол әділетсіздіктерге деген субъективті қатыстарын да көрсетіп отырды.

*Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.
Күнінде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қария
Енді де саған табылмас.*

Ойлана қарасақ, қоғам құбылыстарына, жекелеген адамдарға деген сыншылдық қатынас, әшкерелегіш пафос тек қана сыншыл реализмнің ғана емес, романтикалық әдебиеттің де, ағартушылық реализмнің, тіпті, натурализмнің де идеялық арқаулары еді. Дегенмен, дүниедегі жырау қабылдай алмаған әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттарды сынау мен шенеу сыншыл реализмнің эстетикалық табиғатына сәйкес. Бұқардың кей толғауларында да әлеуметтік ортадағы әділетсіздіктерді, қоғам дертіне айналған ұсқынсыздықтарды жеріне жеткізе айыптау бар, сыншылдықпен айқын көрсету бар. Реалистік тұрғыда типтендірудің де алғашқы үлгілері осы туындыларда жасалады. Бірақ қаламгерлер өздерінің сын тезіне алып отырған құбылыстардың адамгершілікпен қабыспайтын өрескелдік екенін бейнелеп көрсете отырғанымен, ол құбылыстардың ішкі сырын, психологиялық аспектілерін қаузауды мақсат тұта бермеген.

*Ақсары атан еспелі
Ел жайлауға көшкен жұрт,
Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт,
Мамыр асып, бай болып,
Байсал тауып жортқан жұрт,
Ханға тізгін салмады,
Хан жарлығын алмады,
Баяғыдай баршындап
Бірауызды болмады
Қас тұрпайы болған жұрт.*

Бұл XIX ғасырда ұлы Абайдың да қабырғасын қайыстырып, «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» дегізген сыншыл реализмнің басы еді. Әрине, жырау шығармашылығына реализмнің ең биік талаптарынан қарау тым әбестік болып табылар еді. Бұл жырауға өз ықыласы толық ауған идеал бейнені бөлектеу үшін қажет болды. Яғни бұл туындыларда сыншыл реалистік ұстанымдардан гөрі, романтикалық принциптер мен ағартушылық пафостағы реализм элементтері басым түсіп жатты. Бұқар ұлттық әдебиеттегі романтизм мен ағартушылық бағыттағы реализм дәстүрлерін игере отырып, еуропалық үлгідегі поэзия формаларын қалыптастыруымен-ақ қазақ әдебиетін жаңа белеске шығарып, реалистік өнердің өркендеуіне жол ашты. Мұхтар Мағауин айтпақшы, «көне қазақ әдебиеті өкілдерінің ешқайсысының творчествосында өзі өмір сүрген заман келбеті дәл Бұқардағыдай бар бедерімен суретке түсірілмеген» [3].

Атақты «Ай, заман-ай, заман-ай...» толғауында жаңа орнығып жатқан құбылыстарға ашық наразылық бар.

*Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай.
Баспақтана жиылып,
Фана болған заман-ай.
Құл-құтандар жиылып,
Құда болған заман-ай.
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай.
Азаматың құлапты
Жұрт талық болған заман-ай...*

Қоғамдағы өзгерістерді, ел тіршілігінің басқа бағдары жырауды қанағаттандырмады. Өркениеттің өзгеше бағдарын сезінуі ностальгиялық көңіл-күйге берілуінің анық себептері болғанын атап өткен жөн. Бір дүрбелең бір дүрбелеңге жалғасқан, тарихи кезеңнің өзгерістері ұлт өмірін мүлде басқа арнаға салып жіберетінін терең саналаған жырау жаңа уақыттың талаптарымен мүлде келісе алмады.

Бұқар ел мен жердің тағдырын жырға қосуда өзіне дейінгі жыраулардың дәстүріне иек артады. Өйткені бұған дейін жасалған эстетикалық мұраны игеріп алмай, жаңа ұмтылыстар жасау мүмкін еместігі де белгілі. Қазақ әдебиетінің төлбасыларының бірі, тегеурінді жырау — Қазтуғанның туған жерге деген шексіз махаббатының, ата жұртқа деген адам айтып жеткізгісіз сартап сағынышының ескертіндей болған «Алаң да алаң, алаң жұрт...» толғауындағы асыл арқау Бұқардан жалғасын табады.

Қазтуған:

*Алаң да алаң, алаң жұрт
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылышымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт...*

Бұқар:

*Бағаналы орда басты орда
Байсал орда қонған жұрт,
Қара түлкі қармалжық
Қас сыпайы киген жұрт,
Ақсары атан аспалап,
Ел жайлауға шыққан жұрт,
Хақтың жолын күзетпей,
Жамандықты ұққан жұрт,
Бас, аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен сүрген жұрт.
Бай төбетің маңқылдап,
Байсал тауып үрген жұрт,
Туырлығың қара кіс,
Тура-тура болған жұрт,
Түтінге салса саспаған,
Шоралар сауықпен ішсе тауыспаған,
Ағар бұлақ сүтті жұрт,
Көп жылдарға бек сақтап,
Есен де есен болған құтты жұрт...*

Баба мекеніне деген ұлы махаббатты жеткізудегі қос жырдан да пішіндік ұқсастық қана емес, ішкі рухани толқыныстың ғажап сәйкестігін аңғарамыз. Аталмыш туындылар — ұлы жыраулардың ішкі бұлқыныстары мен буырқаныстарының жемісі. Дербес драма болуға лайық «Алаң да алаң, алаң жұрт...» пен «Бағаналы орда басты орда...» деп басталатын туындыларды тұтастырып тұрған тақырыптық-эстетикалық құрылымдарының бірлігі. Бұл шығармаларда қыр өмірінде болып жататын өзіндік өмір ағыстары, дала заңдарымен өмір сүретін адамдардың жортуылды өмірінің эпизодтары суреттеледі. Көшпенділер тіршілігі, дала романтикасы — жыраулар шығармашылығының өне бойынан маңызды орын алып, үнемі қайырылып келіп отыратын тақырыбы. Сахара өмірінің өзіндік сәні, қайталанбас өмір салтын, кең өлкені еркін кезген дала қазақтарының аңғал да батыр мінезін, өршіл рухын жыраулар ерекше құштарлықпен, көтеріңкі пафоспен бейнеледі. Өткен дәуірдің еркіндігіне іш тарту, тіпті идеалдандыру арқылы жыраулардың біршамасына тән ортақ жүлге пайда болды. Жыраулар кеңістікті уақыттық формалар арқылы игеруде белгілі бір реттілікті, тарихи-элеуметтік белгілерге сай «уақыттар байланысын» негізге алып, өз идеалына сай кеңістікті әр түрлі уақыттық өлшемдер арқылы көрсете алған.

Қырдағы елдің қызығы басылмайтын қызу тірлігі, кең даланы еркін кезген ерке ұландардың жортуылға толы өмірі, аңшылық құрып, серілікпен күн кешкен өрендері, қыз алысып, қыз берісіп жататын ауыл арасындағы дырдулы думан, жасыл жайлау, салқар көш — бәрі-бәрі қарт Бұқарға айрықша шығармашылық көңіл-күй қалыптастырды деп айта аламыз. Дала образы, қырдағы ел тұрмысына деген сағыныш жырау шығармашылығындағы романтизм желісін қалыптастырды.

Жыраудың халықтың өткен дәуіріне деген іш тартушылығы кейін «Зар заман» ағымын қалыптастыруға да серпін берді деп айта аламыз.

*Бағаналы орда, басты орда
Байсал орда қонған жұрт,
Мамырласып, ел болып,
Байсалды жайлау табылды,
Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен жұрт.
Ханым берген қамқа тон,
Жырау киіп кеткен жұрт,
Іңкәрілер алашаңдап,
Ас пен тойға келген жұрт,
Көріп туған көкше тай
Төре астында ат болған жұрт,
Көпке қоныс берген жұрт,
Көбең байлар семіріп,
Көк би қаһан болған жұрт,
Көрпелдестер би болып,
Көпке кеңес айтқан жұрт.*

Бұқар толғанысында дала өмірінің өзіндік тыныс-тіршілігін идеалдандыру сарыны үнемі бой көрсетіп отырады. Адам мен қоғам, табиғат пен туған жер тәрізді күрделі философиялық мәселеге бара отырып, жазушы өзін дала тірлігінен, түз өмірінен бөле-жарып қараған жоқ. Өзінің кіндік кескен өлкесінің табиғаты — суы, нуы, тауы, қыраны, өркениет дүрлігісінен алыс дала болмысы, оның адамдары — қашан да шығармашылық шабыт пен құштарлық туғызып отырды. Шығармаларына романтикалық әр үстеп отыратын осынау тақырып, адам мен жаратылыс гармониясы басқа да шығармаларында жалғасты. Ұлттық рух сынға түскен алмағайып кезеңде жазушының өткен күнді аңсауы ұлы далаға деген аңсардан туған жеке шығармашылық психологияға тікелей байланысты. Іштей елжіреу мен құмарту шығармадағы элегиялық мазмұнды, романтикалық сарынды тудырмай қойған жоқ. Көңілін мұң торлаған Қазтуған атамекенге салауат айтып, қош айтысса, Бұқарда болашақ өмірге деген сенім бой көрсетеді. Оған әйгілі «Айналасын жер тұтқан» өлеңі мысал болады. Көңілі асыққан идеал өміріне бүгінгі шындықты қарсы қоя суреттейді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталып, Ақпан төңкерісінің болуы қазақ зиялыларын, жалпы алғанда, қырдағы қалың елдің болашаққа деген сенімін күшейтті де, бөлекше саяси атмосфера қалыптастырды. Келер күннің жарқын жаңалықтарына деген риясыз сенім, идеалды болашақ туралы ойлар жоңғарлардың беті қайтқан тарихи оқиқалардан кейінгі шығармаларының негізгі арқауы болды.

Айналасын жер тұтқан
 Айды батпас деменіз,
 Айнала ішсе, таусылмас
 Көл суалмас деменіз.
 Құрсағы құшақ байлардан
 Дәулет таймас деменіз,
 Жарлыны жарлы деменіз,
 Жарлы байға тең келіп,
 Жайлауға жарыса көшпес деменіз.
 Жалғызды жалғыз деменіз,
 Жалғыз көпке теңеліп,
 Бір жапанда соғысып,
 Кегін алмас деменіз.
 Құландар ойнар қу тақыр
 Құрай бітпес деменіз.
 Құрай бітпес құба жон
 Құлан жортпас деменіз.
 Құрсағы жуан боз бие
 Құлын салмас деменіз.
 Құлық туған құдаша
 Құрсақтанбас деменіз.
 Қу таяқты кедейге
 Дәулет бітпес деменіз.

Шығармада бүгінгі шындық пен келешектегі идеал-өмір бір-бірімен ымырасыздықта суреттеледі. Жазушының шығармадағы оқиғаларға қатынасы, ұстанымы осы бейнелі контрасттардан айғақталып отырады. Бас қаһарманның әлі орнамаған, келешектен күтетін жарқын тұрмысы мен бостандығы жыраудың өзі идеяландырған уақытында, қиялында мүсінделеді. Оның сұлбасы нақты бейнеленбей, символдау арқылы меңзеледі. Өзінің субъективті идеалы тудырған уақытты ұсынып, оны үлгі ретінде қабылдауы, ақиқат өмірге қарсы қоюы жыраудың негізгі тәсілдері.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әшімханова С. XIX ғасырдағы Батыс Еуропа әдебиетінің тарихы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2006. — 5-б.
- 2 Нұрғалиев Р. Күретамыр. Қазақ драматургиясының поэтикасы. — Алматы: Жазушы, 1973. — 231, 232-б.
- 3 Мағауин М. Ғасырлар бедері. — Алматы: Жазушы, 1991. — 81-б.

Ж.Ж.Жарылғапов

Принципы романтизма в творчестве Бухар жырау

В статье рассмотрен принцип романтизма в творчестве Бухар жырау. Исследованы художественные методы романтизма, используемые в творчестве жырау. Проанализированы романтический пафос и субъективный взгляд жырау при создании образов ханов и биев. Определены пути достижения максималистской цели автором, а также творческая фантазия жырау в произведениях, показаны традиции и преемственность в описании степной романтики. Автором предложены выводы по образу Абылая в творчестве жырау.

Zh.Zh.Zharylgapov

Principles of Romanticism in Bukhar zhyrau's works

Principles of Romanticism in Bukhar zhyrau's works are considered in the article. Artistic techniques of romanticism used in the creation of zhyrau are explored. Zhyrau's romantic pathos and subjective opinion are analyzed when creating images of khans and biys. Ways of achieving author's maximalist goals and zhyrau's creative imagination in the works are identified. Traditions and continuity in the description of the steppe romance are shown. New conclusions to the image of Abylayi in zhyrau's works are offered.

References

- 1 Ashimhanova S. *Literary history of Western Europe in the 19th century*, Almaty: Kazakh University publ., 2006, p. 5.
- 2 Nurgaliev R. *Poetics of the Kazakh drama*, Almaty: Zhazushy, 1973, p. 231, 232.
- 3 Magauin M. *Ancient heritage*, Almaty: Zhazushy, 1991, p. 81.

ӘОЖ 821.512.122:94 (574)

Р.С.Каренов

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Кенесары ханның халық әдебиетіндегі және тарихи зерттеулердегі бейнесі

Мақалада әдеби, тарихи және фольклорлық дерек көздер — Кенесары Қасымұлының басшылығымен жүргізілген ұлт-азаттық қозғалыстағы оқиғаларды көзімен көргендердің әңгімелері, өлеңдері және олардың естеліктері келтірілген. Кенесары хан мен Наурызбай батырға арналған тарихи өлеңдер мен поэмалардың ішінде жетекші орынды белгілі ақын Нысанбайдың «Кенесары туралы әні» алатындығы айтылған. XIX ғасырдың 20–40-жж. қазақтар көтерілісінің себептерін анықтау үшін Досхожа ақынның сол көтеріліс кезінде шығарған өлеңі маңызды рөл атқаратындығы көрсетілген. Демократиялық бағыттағы белгілі ақын М.-Ж.Көпеевтің Кенесары туралы жинаған материалдары көңіл толтырарлық екендігі туралы қорытынды жасалған. Халық ақындары — Жамбылдың және Доскейдің естеліктері фольклорлық материалдардың маңызды тобын құрайтындығы көрсетілген. Кенесары ханның отаршылдыққа қарсы жаппай көтерілісінің айқын саяси сипаты және оның қазақ тарихындағы прогрессивті рөлі туралы пікірі бейнеленген.

Кілт сөздер: жырау, дастан, хан, ұлт-азаттық көтеріліс, қоштасу, үндеу, паш ету, тұлға, фольклорлық деректер, баға беру.

Kipicne

Кенесары қозғалысының түрлі кезеңдерін қамтитын фольклорлық шығармалар өте көп. Олар жанрлық қырынан алғанда көлемді тарихи жырлар, ғашықтық мазмұндағы дастандар, кейіпкерлердің арман-аңсарларын аңдататын лирикалық өлеңдер, Кенесарының Арқа жұртымен қоштасуын бейнелейтін толғаулар, тәлімі мол тарихи аңыздар, хан Кене мен Наурызбай төренің қазасын жоқтауға арналған ғұрыптық жырлар болып келеді. Бұлардан басқа, күллі қазаққа аты мәлім ақындар шығарған туындылар да аз емес. Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбайы», Көкбайдың «Абылай-Кенесарысы», Нұрханның «Жасауыл қырғыны», Саяділдің «Кенесарысы», Досқожа ақынның «Қоштасу жыры», М. Сералиннің «Топжарған», Д. Әлімбаевтың «Кенесары» дастаны сияқты т.б. жырлар Кенесары қозғалысын бейнелеуге бағышталған авторлық шығармалар тізбегін құрайды. Бұл шығармалардың басым көпшілігі көтерілістен соң туған.

Бұған қоса, Кенесары мен Наурызбай туралы жазылған тарихи ғылыми еңбектерді бір-бірімен салыстыра отырып оқыған кісі өмірде болған жайдың шындығы мен қоспасын айырып, тарихи шындықтың көркем шындыққа қалай айналғанына көз жеткізері анық.

Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны аса елеулі шығармалардың бірі ретінде

Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің тарихы Нысанбай жырау Жаманкүлді қалдырған «Кенесары-Наурызбай» жырының негізгі сюжеті болған. Найзасы мен қобызын қатар ұстап, жорықтағы қолдың жыршысы болған Нысанбай шығармасында Ресей мен Қоқан өкіметі қыспағынан туған ел қасіреті, батырлардың ерліктері, ханның қолбасшылық өнері, майдан даласындағы соғыс суреті сол күйінде көрініс тапқан. Шығарма қаһармандарымен бірге жүріп, бар оқиғаның куәсі